

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АДАМ ІНСТИТУТЫ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ДІНТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУ КАФЕДРАСЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
профессоры, философия ғылымдарының докторы
Нұржанов Бекет Ғалымжанұлының еске алу кешіне арналған

«АДАМИ КАПИТАЛ ЖӘНЕ ИННОВАТИКА»

халықаралық ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
Международной конференции,
посвященной памяти доктора философских наук,
профессора КазНУ имени аль-Фараби Б.Г. Нуржанова

«ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ И ИННОВАТИКА»

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АДАМ ИНСТИТУТЫ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ДІНТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУ КАФЕДРАСЫ**



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
профессоры, философия ғылымдарының докторы
Нұржанов Бекет Ғалымжанұлының еске алу кешіне арналған

«АДАМИ КАПИТАЛ ЖӘНЕ ИННОВАТИКА»

халықаралық ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

Международной конференции,
посвященной памяти доктора философских наук, профессора КазНУ имени
аль-Фараби Б.Г. Нуржанова

«ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ И ИННОВАТИКА»

**АЛМАТЫ, 2015 ЖЫЛ, 20 ҚАРАША
АЛМАТЫ, 20 НОЯБРЯ, 2015 ГОД**

УДК 37:001:1
ББК 74.58
Ч-39

Ұйымдастыру комитеті / Организационный комитет

Төраға / Председатель

Исмағамбетова Зухра Нұрланқызы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, филос.ғ.д.
профессор КазНУ имени аль-Фараби, д.филос.н.

Әбдіғалиева Гүлжан Қанайқызы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, филос.ғ.д.
профессор КазНУ имени аль-Фараби, д.филос.н.

Төраға орынбасарлары

Ғабитов Тұрсын Хафизұлы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, филос.ғ.д.
профессор КазНУ имени аль-Фараби, д.филос.н.

Бияздықова Кенжегул Алимбекқызы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, филос.ғ.к.
доцент КазНУ имени аль-Фараби, к.филос.н.

Қаңтарбаева Жанна Орынбасарқызы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, филос.ғ.к.
доцент КазНУ имени аль-Фараби, к.филос.н.

Ч 39 «ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ И ИННОВАТИКА»: Материалы
Международной конференции, посвященной памяти доктора философских наук,
профессора КазНУ имени аль-Фараби Б.Г. Нуржанова. – Алматы, 2015. – 168 с.

ISBN 978-9965-29-402-0

Материалы международной конференции «Человеческий капитал и инноватика» изданы в рамках проектов грантового финансирования научных исследований МОН РК: «Значимость социокультурных факторов в инновационном развитии человеческого капитала в Казахстане», «Модернизационные стратегии казахстанского общества и инновации»

В материалах международной конференции исследуются различные аспекты проблем развития человеческого капитала, ключевые факторы формирования интеллектуального и духовного капитала, сущность инновации в контексте модернизационных процессов, рассматриваются задачи всестороннего развития общества и продвижения инноваций.

«Адам капиталы және инноватика» тақырыбында өткен халықаралық конференция материалдары «Қазақстандағы адам капиталын инновациялық дамытудағы әлеуметтік-мәдени факторлардың маңыздылығы» және «Қазақстандық қоғам мен инновациялардың модернизациялық стратегиялары» ҚР БҒМ-нің гранттық қаржыландырылған ғылыми зерттеулерінің жобалары аясында жарияланған.

Халықаралық конференция материалдарында адами капиталды дамыту мәселесінің әртүрлі аспектілері, интеллектуалдық және рухани капиталды қалыптастырудың негізгі факторлары, модернизацияланған үдерістер контексіндегі инновацияның мәні зерттеліп, инновацияларды жүзеге асырудың және қоғамды дамытудың жан жақты міндеттері қарастырылады.

ISBN 978-9965-29-402-0

УДК 37:001:1
ББК 74.58

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|----|
| <i>Ахмет Ташагыл</i> Eski Türk kozmogonisinin kültürel antropolojik temeli | 5 |
| <i>Алтынташ Хайрани, Габитов Т.Х.</i> Kazakistan gök türk kaya resimleri üzerinde bir bakış | 13 |
| <i>Абдигалиева Г.К.</i> Роль интеллектуального капитала в духовном развитии общества..... | 18 |
| <i>Исмагамбетова З.Н., Сарсенбаева З.Н., Карабаева А.Г.</i> Инновация и образование..... | 22 |
| <i>Абишева А.К., Аубакирова Г.Н.</i> Язык современных СМИ как система интерпретации в контексте современной культуры | 26 |
| <i>Аймухамбетов Т.Т., Аймухамбетова А.С.</i> Религия и наука в контексте культуры | 30 |
| <i>Айниязова А.Ө.</i> Дәстүрлі музыка мәдениетін модернизациялаудағы жаңа бағыттар | 33 |
| <i>Аликбаева Ж.Б.</i> Қазақ және Түрік халықтарының отбасы мен неке кұрудағы ұқсастықтарына салыстырмалы талдау..... | 39 |
| <i>Алимжанова А.Ш.</i> Перспективы национальной культуры в условиях глобализации | 44 |
| <i>Аубакирова Г.Н.</i> Культура как объект медиaprостранства | 48 |
| <i>Әуезхан Қодар</i> Философияның бекеті. Философ Бекет Нұржановты еске алу кешіне арнаймын | 53 |
| <i>Әбдіхамитов Б.Х., Бейсенов Б.Қ.</i> Жаңа исламдық ағымдардың сопылыққа деген ұстанымдары | 56 |
| <i>Әбенев Д.Б.</i> Абай мен шәкәрімнің рухани үндестігі | 60 |
| <i>Байтенова Н.Ж., Абжалов С.У., Дүйсенбаева А.Қ.</i> Саяси және әлеуметтік мәселелердің исламның біртұтастығына тигізген әсері | 64 |
| <i>Бейсенов Б., Игисенова А.</i> Ұлттық діни діни сана аясындағы ұғымдар..... | 69 |
| <i>Бересова Г.</i> Сал-сері мәдени феномен ретінде | 73 |
| <i>Дауренбеков А.К.</i> Салафизм идеологиясындағы «тәкфир және ширк» мәселесі..... | 75 |
| <i>Джаамбаева Б.А., Ибрагимова С.А.</i> Казахстанское общество через призму здорового общества Эриха Фромма ... | 79 |
| <i>Еділбаева С. Ж., Ким Л.М.</i> Б.Г. Нуржанов постмодерндік ілім және білім беру туралы | 83 |
| <i>Ерназаров Д., Қанпия Ж.</i> Қазақстандағы діни және дінтанулық білім берудің дінаралық келісімді нығайтудағы орны..... | 87 |

Б.Г. НУРЖАНОВ ПОСТМОДЕРНДІК ІЛІМ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ТУРАЛЫ

Постмодерн ұғымын және постмодерндік концепті қарастырғанда Б.Г. Нуржанов позициясын ескеру қажет. Ол «Странная Вселенная Жана Бодриара» және «Определение, концептуализация и организация образовательных стратегий» және т.б. атты еңбектерінде философиялық тұрғыдан постмодернизмнің негізін қарастырады.

«Постмодерн» ұғымы түбегейлі қайта жаңару процесімен және модерн сынымен байланысты. Сөз алдында келетін «пост» қосымшасы модерн дәуірінің «соңын» және оны қайта жаңартуға ұмтылысты білдіреді. Қайшылықтардан арылуға, тәртіп пен бірлікке ұмтылатын модернге қарама-қарсы постмодерн «айырмашылық», «пікірталас», «амбиваленттік» (қос сипаттылық) ұғымдарын жандандырады. Бұл білім беру философиясына да қатысты.

Постмодернизмнің не екені, ойлау жүйесіндегі өзге рухани және мәдени қолдардан оның ерекшелігі неде екені туралы неғұрлым нақты түсінікті тарихи талдау арқылы алуға болады. Ол «постмодернизм» сөзі ХХ ғасырдың 50-ші жылдары әдебиет сынындағы «модернизмді» ретке келтіру үшін қолданылса, 60-шы жылдары АҚШ-тағы авангардтық қозғалыстың дербес бір фазасын білдірді, 70-ші жылдардың басында жаңа ұғымдар үшін (әсіресе архитектура мен өнердің өзге де салалары бойынша) жинақтаушы ұғым болды. Содан бері мәдени тұрғыдан өзгеріп, неғұрлым техникалық, рационалдылық сипатқа ие болған, «дағдарыстар» сілкіндірген әлемде біртіндеп даму процестерін, көңіл күйін білдіретін ұғымдарды сипаттау жағына қарай ойыса бастады.

Постмодерннің негізгі ерекшеліктерін мазмұндауда біз бұл тұрғыдан герман тілді философияда неғұрлым белгілі сарапшы болып табылатын В. Вельш тұжырымдамасына сүйенеміз. Ол жазған «Біздің постмодерндік модерн» атты кітап әсіресе неміс тілді елдерде постмодернизм туралы пікірсайыстарға күшті ықпал етті. В. Вельш өзінің талдау нәтижелерін Лиотар көзқарасына сүйене отырып, алты негізгі тезиспен қорытындылайды. Бұлар постмодерннің басты белгілері ретінде ұғылады. Постмодерннің өзекті мәнін сипаттайтын үш «негізгі белгі» немесе үш «басты тезис» бар [1].

Біріншіден, бұл позитивті тұрғыдан көру принципі ретіндегі радикалды плюрализм.

Постмодернизмдегі плюрализм (тіршілік формалары, ілім тұжырымдамалары және мінез-құлық бағдарлары) позитивті түрде бағаланады әрі мүмкіндік ретінде қорғалады. Бұл Вельш пікірінше постмодерннің аса маңызды ерекшелігі болып табылады.

Екіншіден, жоғары дәрежедегі айырмашылыққа өзгермейтін құқық. Мұнда шындық, әділдік және адамшылық туралы әртүрлі көзқарастағы айқын айырмашылықты плюрализмді талап ететін өзгеріссіз нормативтік талаптар қабылданады.

Өйткені, бір мәселе әртүрлі көзқарастар тұрғысынан әрқилы сипатта көрінуі мүмкін. Қарастыру тәсілдерінің ортақ масштаб арқылы бағалауға келмейтін, салыстыруға кәмілсіз сипаттары «даулы» күйінде қалдырылып, бірыңғай дәрежелері қанамайындалады. Үшіншіден, антитоталитарлық опция. Террорға қарсы әрекет етіп, гегемония көріністеріне жол бермес үшін антитоталитарлық бағыт пен өмірлік практика қолданылады.

Жоғарыда келтірілген үш белгі постмодернизмге тән әртүрлі тұжырымдамалардың бірыңғай және ортақ «фокусын» құрайды. Бұған қосымша Вельш тағы да үш тезис қосады. Бұл пәндер арасындағы үйлесімділікке байланысты. Жоғарыда аталған үш тәуелсіз сипат белгісі әртүрлі пәндер мен пән салалары бойынша

постмодерндік ойлау жүйесінің ортақ өзегі болып табылады. Бұл ерекшеліктер шоғыр
«постмодернизм ұғымының парадигмалық формациясы» ретінде танылуы мүмкін. Ол
постмодернизмге бағытталған және соған мүдделі жекелеген пәндер мен зерттеу
салаларының келісімді позицияларынан, үйлесімді мақсаттарынан көрініс табады. Мұны
соң модерннің радикалдануы. Постмодерн (рухтың хал-ахуалы ретінде), Вельш
пікірінше, транс- немесе антимодерн емес, XX ғасырға тән бұдан бұрынғы модерннің
экзотикалық радикалдануынан да жоғары тұрған нәрсе: «Біздің модерн «постмодерн»
көрініс тапқан» [1, 6-б.]. Ең соңында, модернге сүйену, оны қолдана білу проблемасы.

Бұл қазіргі заманғы адамдар үшін постмодерннің қауіптілігімен
мүмкіндіктерімен де байланысты радикалды, көп сипатты және гетерогенді алу
түрлілігіне негізделген. Бүгінгі күні айырмашылықты терістемейтін, коммуникацияны
кідіртпейтін, бірақ әртүрлі рационалдылық формалары шекараларын құрметтеумен
қатар, олардың арасындағы қарама-қайшылықтарды, байланыстар мен өтпелілік
сипаттарын жүзеге асыратын рационалдылық формалары алуан түрлілігіне сүйенуді,
оларды қолданудың жаңа типін талап етеді. Осыған байланысты Вельш «трансверсалды
ақыл-ой» формасын және «ашық тұтастық» ретінде ұғылатын «бүтіндік идеясына»
бекуді постулат етіп алады [1, 295; 62-б.].

В. Вельштің постмодернизм сипатына байланысты соңғы үш тезисімен
постмодернистік ойлау жүйесі өкілдерінің бәрі бірдей келісе бермейді. В. Вельш бұрын
пәлендей мән бермейді. Өйткені, ол үшін «постмодерн» категориясы дәл сипаттама емес,
көпмәнді түсіндірілетін ұғым. Сондықтан оны талқылау мен білім беру философиясын
қабылдау да шиеленісті сипатта. В. Вельш постмодерн туралы өзінің негізгі еңбегінде
бұл – дәуір емес, көрініс, рух позициясы, плюрализм практикасы деп таниды.
«Постмодерн» ұғымын түсіндіруде бірізділік жоқ. Сондықтан В. Вельштің
түсінігін мазмұндауға тура келеді. Оның бұл туралы жазған еңбектері контекстінде
постмодерн сөзінің екі аспектісі бар. Ең алдымен ол модерн мен гуманизмнің басты
идеяларына тән позицияны білдіреді. Бұл мазмұн «рух диалектикасына», «ақыл-ой»
немесе іс-әрекетті субъект «эмансипациясына» қатысты метабаяндауға
постмодерндік сынды негізге алады [2].

Бұл орайда модерн XX ғасыр емес, гуманистік мұраттар: адам табиғаты немесе
сәйкестік, субъект автономиясы үлкен рөл атқарған XVIII-XIX ғасырларды мезгілде
Вельш постмодерннің шекаралық линиясы XX ғасыр модерніне емес, Жаңа уақыт
(орта ғасырлар мен ең жаңа заман арасы) тән деп көрсетеді. «Сондықтан постмодерн
Жаңа уақыттан кейінгі мерзімге сәйкес келеді және пост-модерн ұғымы этимологиялық
тұрғыдан да «модерннен» соңғы уақыт мәнінен туындаған [3, 6-б.]. Бұған қоса,
негізінен дәуір сипаттары туралы емес, Жаңа уақыттың модернистік философиясына
мазмұн мен тұжырымдамаларға қойылатын талаптарға сын тұрғысынан болады. Нәтижесінде
финалдылық, бірлік және шындық ретіндегі модернистік принциптер мәнінің жойылуы
туралы XIX ғасырда-ақ жазған болатын. Бұл дәуірмен орайлас қарастыруға жол
Өйткені заманауи тұжырымдамаларды кеңінен және интенсивті түрде проблемалану
оларға келелі сипат беру XX ғасырда жүзеге асты. Сынға алынатын идеяларға
ақиқат, мән, субъект, автономия және сәйкестік туралы
жатқызылады. («Постмодерн» сөзіндегі «пост» сөз алды қосымшасы бұл идеяны
мазмұндалған және жүзеге асырылған уақытын мезгілді).

Постмодерн – модернистік сыни тұрғыдан қарастыру. Постмодерндік философия
сипаты Гегель тарапынан да түсіндірілді. Ол философияның алдына дәуір соңында
кейінге назар салу, өткенде не болғанын көрсету міндетін қойды. Минерва жапалағы
түскеннен кейін ұшады. Бұл орайда постмодерн де жаңа рухани бағдарлану мүмкіндігі
білдіреді. Бұл постмодерннің екінші аспекті. Бұдан әрі постмодернді плюрализм

позитивті әрі радикалды қарым-қатынасы арқылы ұғыну қажет. Ол дүние көріністердің әрі алуан түрлілігін қажет ететіні жоғары құндылық деген пікірді білдіреді. Мұның бұлайша түсінілуі Вельштің постмодерн сөзін қалай қолданатынына байланысты. Вельш бұл туралы: «Постмодерн мұнда радикалды плюрализм жай-күйі ретінде түсініледі» деп жазады [3, 4-б.].

Біздің бірінші тезисіміз: постмодерн модерннен бөлекше нәрсе емес, ол соның жаңғы және оны қолданудың логикалық нәтижесі. «Оның негізгі мазмұны — плюрализм — XX ғасырда модерннің өзі арқылы-ақ насихатталды» [5, 6-б.]. Ол және постмодерн немесе антимодерн де емес. Екінші тезис аталған плюрализмді постмодернге қараудан көрінеді. Плюрализмді радикалды нәрсе ретінде тануға болады. Өйткені ол заманғы қоғамның барлық саласына қатысты және күллі тіршілік болмысына әсер етеді [3, 5-б.]. Мұнымен үшінші тезис байланысты: істің жай-күйін мазмұндаудың объективтілігі жалқы сипатта емес, Лиотар тұжырымы бойынша, оны түсіндірудің көптеген нұсқалары бар. Бұл үш тезис біз қолданып отырған постмодерн ұғымын сипаттауы тиіс.

Модерн мен постмодерннің тарихи, әлеуметтік-мәдени эволюция аясындағы өзгешелігі сипатты бірлігі тұрғысынан түсіндірменің екі контрасты-типті тұжырымдамасы болып табылады. Бұл екі негізгі тип те білім беру тұрғысынан релевантты сипатта және білім беруді қолдау мақсатында қолданылатын құрылымдармен және құрылымдармен өзгешеленеді. Модернизмді рационалдылық пен ағартуға қатысты сыни және негативті тұрғыдан түсіндіру бүтіндей рационализм ретінде, сондай-ақ, модернизациялау тұрғысынан күмәнді және нигилизм ретінде қабылданды. Сондықтан постмодерн мұнда модерннен «бөлектену» ретінде түсіндіріледі әрі сол модерннің соңы деп жарияланады (мысалы, Ж. Бодрийярдың философиялық тұрғыдағы және Д. Ленценнің педагогикалық тұрғыдағы көзқарастары). Постмодерннің позитивті түсіндірмесі де ішінара модерн сыны, сондай-ақ, оны қолдануға әзірлік ретінде танылды. Мұнда аңғырт рационализм мен прогреске деген сенімнен бас тартылып, әлі аяқталмаған рефлексивтік жетілдіру мәніндегі модернизмді конструктивтік тұрғыдан одан әрі дамытуға ұмтылыс көрініс табады.

Б.Ғ. Нұржанов білім беру ұғымы мен оның философиялық дәстүрлері туралы постмодернмен байланыстыра отырып баяндайды. Б.Ғ. Нұржановтың білім беруге қатынасын ілім өндірісі мен сабақтастығының қазіргі заманғы ақпараттық-технологиялық өзгерістерге алып келетін ықпал-әсері туралы әңгімелері арқылы тануға болады. Лиотардың пайымдауы бойынша, өзгерістердің ақпараттық-технологиялық өзгерістері ілімді тұрақты түрде өсіп отыратын ақпарат «тауарына» айналдырады. Бұл білімді білетіндер тұрғысынан алғанда жатсындыруға алып келеді. «Білім алуды ақыл-ойдың, тіпті жеке тұлғаның қалыптасуынан (Bildung) бөліп қарауға болмайды дейтін принцип ескіреді, сөйтіп ол қолданыстан шығатын болады. Білімді өндірушілер мен пайдаланушылар арасындағы білімнің өзіне деген мұндай қарым-қатынас тауар өндірушілер мен оны тұтынушылар арасындағы қарым-қатынасқа ұқсас қабылдауға, яғни баға формасын иеленуге қарай ойысады. Ілім өндіріледі және ол сатылу үшін өндіріледі. Ол қолданылады және жаңа өнімге айналу арқылы жаңа өнімге әрі алмасатын сипатқа ие болып қолданыла береді. Ол қара бастың қамы болудан бөлек және өз «тұтыну құнын» жояды [2].

Ақпаратты қоғамда ілім өзгерісі «білім беру» идеясының немесе принципінің жетілуіне алып келеді. Рухтың жан-жақты дамуын немесе қалыптасуын жай ғана ақпарат берумен шектендіретін басады. Б.Ғ. Нұржанов пікірі бойынша, білім беру жүйесін жаппай компьютерлендіру бұл салада прагматизмнің түбегейлі жеңіске жетуіне жол ашады. Біз білім беру практикасы мен стратегиясының компьютерлік жүйе мақсаттары мен міндеттеріне толық бағынышты болған сипатын көріп отырмыз (тесттердің, білімді компьютерлік бағалаудың, есептеуіш техникалардың, дистанциялық оқытудың ендірілуі) [4, с. 17].

Постмодерндік қоғам өмірге белгілі бір логиканы, сондай-ақ белгілі бір нұсқаулықтар құрылымын алып келгендіктен, қазір «білетіндер» тұрғысынан білім атүсті қарау етек алды. Өйткені жаңа технологиялар адамды өз ойлау жүйесін маптанан логика ықпалына итермелеуге мәжбүрлейді.

Лиотардың «постмодернистік ілім» туралы және «теория агониясы» жайлы тезистеріне, «реалдылық агониясы» жөніндегі Бодрийяр теориясына назар аударсақ. Профессор Б.Ғ. Нұржанов Бодрийяр теориясына байланысты белгілер симуляциясы арқылы шынайылықтың жойылатыны туралы нақты түрде атап өтеді: «Бұл симуляцияға айналады, барлық қарым-қатынас симулятивтік сипатқа ие болады» [5, 186-б.].

Постмодерн ұғымының өзі бірқатар әділетті сынға арқау болды. Ю. Хабермас 1980 жылы Адорноның сыйлыққа ие болуына байланысты сөйлеген сөзінде Лиотар есімін атамай, постмодернизм өкілдерін антимодернистік аффекттер «неоконсерватизмі» үшін кінәлап, бұған өз қарсылығы ретінде модернді аяқталмаған жоба ретінде танитындығы туралы тұжырымын ұсынды [6]. Ю. Хабермас «Модерн туралы философиялық дискурс» тақырыбында жасаған баяндамасында модернмен қалай қарым-қатынас жасауға болмайды, постмодернге өтуге болмайды, өйткені модерн — «аяқталмаған жоба» деген тезисін келтіреді. Шын мәнінде, модернді аяқталған деп санап, постмодернді оның орнына келгенәлденендей нәрсе ретінде, диаметральді қарама-қарсы сипатта тану постмодерн ұғымына жақындайды.

Білім беру перспективасындағы бұл мәселенің қанағаттанарлық түсініктемесі модерн жобасы туралы Хабермас ойларынан табылады. Ол модерн ұғымы мен онан тыс толықтыратын ағарту ұғымын қолданып, постмодернге арналған мұндайдан бас тартуға болады деп есептейді. Хабермас ағарту адамның ақылға қонымды тіршілік жағдайын жасауға ұмтылысы деп біледі. Ағарту болашаққа бағытталған. Ол жүргізіліп жатқан жұмыстарды жүзеге асырудың идеалы болып табылады. Бұл орайда Хабермас модерн жобасының формуласын ұсынады. Егер мазмұндық жағынан орнықтыру мүмкін болмаса, бұл жобаны қалайша қолға алуға болады, тіршіліктің ақылға қонымды жағдайын деген не және оны қалай жүзеге асырады деген сұрақтарға Хабермас: коммуникативтік қауымдастық құру жолымен деп жауап береді. Модерннің негізгі арқауы, Хабермас пікірінше, субъективтілік ұғымы болып табылады. Ол жеке тұлғаның өзінен тыс ерекшелікке құқы ретіндегі дербестікті, сынау құқын, атап айтқанда, мойындалатын нәрселерді растайтын негіздемелер талап ету құқын және іс-әрекет автономиясына қамтиды. Сыни тұрғыдан жасалған тұжырым бойынша, жеке тұлғаның идеология немесе дәстүр беделдерін басшылыққа алуы, дүниені рационалды емес тұрғыдан түсіндіру және өзгелердің көзқарастар жүйесін ой елегінен өткізбей қабылдауы мүмкін емес. Бұл бұларды негіздеуге қатысты өзінен белгілі бір іс-әрекеттер қолдануды керек ететін талаптарды тексеруі тиіс болады.

Ұлы әңгімелердің дағдарысына байланысты, бұл енді еркіндікке немесе парасеті сілтеме жасау арқылы емес, еркін жүзеге асатын пікірлер арқылы өтуі мүмкін. Олар бұл талаптар қорытылады, негізделеді және өзге талаптармен қарама-қарсы қойылып салыстырылады, соған сәйкес, олардың сыртында тұрған нормативтік алғышарттар тексеріледі. Қорытындылау мақсаты осы тексеру-баға беру жолында пікірсайыс қатысушылардың келісімге келуі.

Мұның білім беру үшін өзіндік мәні бар. Тиісті білім беру шараларына тек қорытынды жасау қабілетіне қол жеткізілуі үшін тырысу керек. Бұған мәселені, эмпирикалық өзгенің көзқарасын қабылдай білу қабілеті, аргументке құлақ асу және еркін мәжбүр етуден бас тарту, мультиперспективалық, салалық ойлау жүйесіне қабілеттілік жатады. Осыған орай, тұтастай алғанда бұл негізгі проблемалар тұжырымдамасына тәуелді қабілеттерді табыстауы тиіс. Пікірсайысқа жауап мазмұны: білім беру шараларына

мәніндегі қорытынды жасауға қатысу қабілетіне даярлау дегенді білдіреді [8, 104-105].

Постмодерн тұтастай алғанда, жеке де, көпше де еңбектерде, жобаларда тілдердің, мәдениеттердің, іс-әрекет әдіс-тәсілдерінің плюрализмі болатынын білдіреді. Рас, постмодерн туралы пікір алмасулар оның көптеген аспектілері мен өлшемдерін білдіреді. Бірақ әңгіме ақыл-ой принципіннің жаңа дефинициясы немесе «модерн мәдениетінің» сәтсіздігі туралы мәселеге келіп тірелетіні айқын.

Әдебиеттер

1. Welsch W. Unsere postmoderne Moderne. – Berlin: Akademie Verlag GmbH, 2002. – 104 с.
2. Лиотар Ж-Ж. Состояние постмодерна. Перевод с фр. Шматко Н.А. – СПб.: Издательство Алетейя, 1998. – 160 с. // <http://www.gumer.info/buks/Philos/liot/index.php>
3. Welsch W. Wege aus der Moderne. Schlussetexte der Postmoderne-Diskussion. – Heidelberg: VCH, Acta Humaniora, 1998. – 350 S.
4. Нуржанов Б.Г. Определение, концептуализация и организация образовательных практик // Философия образования и ее роль в формировании гуманитарного типа культуры. Сборник 1. – Алматы: КазНУ – Фонд Сорос-Казахстан, 2002. – С. 13-17.
5. Нуржанов Б.Г. Странная Вселенная Жана Бодриара // Вестник КазНУ. Серия Философия. Политология. Культурология. – Алматы. – 2007. – №1 (27) – С. 178–184.
6. Habermas J. Die Moderne – ein unvollendetes Projekt // Welsch W. (Hrsg.) Wege aus der Moderne. Schlussetexte der Postmoderne-Diskussion. – (Rede aus dem Jahr 1980, zuerst veröffentlicht 1981). – Heidelberg: VCH, Acta Humaniora, 1998.
7. Хабермас Ю. Модерн туралы философиялық дискурс // аударған Габитов Т.Х. Философиялық мұра: 20 томдық. Классикалық емес батыс философиясы. – Алматы: Жазушы, 2006. – Т.13. – б. 351–358.
8. Хабермас Ю. Моральное сознание и коммуникативное действие. – Санкт-Петербург: «Наука», 2000. – 379 с.

Ерназаров Д. Дінтану 2 курс магистранты
Қанпия Ж. Дінтану 4 курс студенті

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ ЖӘНЕ ДІНТАНУЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ДІНАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ НЫҒАЙТУДАҒЫ ОРНЫ

Тәуелсіздік жылдарында елімізде орын алған саяси-экономикалық жаңарулар мен демократия ағымында мемлекет билігінің қайнар көзі болып табылатын халқымыздың діни өмірі мен діни көзқарастарында кейбір өзгерістер орын алып, бүгінгі көптеген діни топтар мен түрлі діндерді ұстанатын зайырлы Қазақстан қоғамы қалыптасты. Мемлекет халықсыз болмайды, халықсыз билік болмайды, ал дінсіз халық болмайды. Діни тұтастығы мен діннің тұтастығы және мемлекеттің тұтастығы арасында тәуелді байланыс бар [1].

Көптеген этникалық топтар мен діни сенімдерден құралған біздің қоғамымыздағы діни өмірде дін мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамсыздандырудағы маңызды күш болып табылатын халықты ұйымдастыру құдыреті, мемлекетіміздің экономикалық қатынастардағы салмағы және еліміздің болашағы мен баяндылығына қажетті әсер еткендігі, анық көрініс берді. Мемлекет ешқашан дінсіз өмір сүрген емес, мемлекеттің дінмен бірге өмір сүретіні, мемлекет пен діннің өзара қатынаста болуы,